



EXCLUSIVE

«Менің тапсырмам бойынша 28-31 мамырда «Жусан» арнайы гуманитарлық акциясының соңғы кезеңі табысты өтті. Сириядан отандастарымыздың кезекті тобы оралды. Қазақстанның мемлекеттік құрылымдарының жүйелі жұмыстарының және шетелдік серіктестермен тығыз ықпалдастықтың арқасында қақтығыс аймағынан 171 бала шығарылды. Қазақстанға оралған соң, олар оңалту шараларынан өтіп, барлық қажетті көмек алатын арнайы бейімдеу орталығына орналастырылды. Елге оралған отандастар жаңа өмір бастауға, ал балалар бейбіт өмір сүруге мүмкіндік алды»

Қасым-Жомарт ТОҚАЕВ,
Қазақстан Президенті



ЖУСАНДАЙ ЖҰҒЫМДЫ БОЛСА ЕКЕН!

Jaz qazaq газеті бірнеше жылдан бері Сирияға жиһадқа кеткендер туралы жазып келеді. Газет бетінде жарық көрген кейіпкерлердің кейбірі «Жусан» операциясымен елге оралып жатыр. Бүгінгі жазбамызда жат жерге жұмақ іздеп кетіп, тозақ көріп қайтқандардың бірнешеуіне тоқталамыз. Олардың арасында Сирияға кетіп оралмаған «Ақжайық» футбол клубының бұрынғы ойыншысы Айбек Ғұбайдоллиннің жары мен бала-шағасы да бар.

(Жалғасы 3-бетте)

БӘРЕКЕЛДІ!

НЕМІС БАЛАСЫ АУЫЛДЫ ҚИМАЙДЫ



Петр Шенбергердің ұлты неміс. Бірақ мінез жағынан қазаққа көбірек ұқсайды. Жүрегі жұмсақ, көңілі дарқан, қолы ашық. Елгезектігі мен еңбекқорлығы өз алдына әңгіме. Қазақшаға ағып тұр. Әңгіменің түбін түсіретін қасиеті де бар. Қарабөгет ауылында өскен ол туған жеріндегілердің тамаша тағылымын көрген, жақсы адамдарға жақын жүрген жігіт. Көнекөз қариялардың қара сөзіне қанығып, ақ батасын да алған. Осындай қасиет неміс отбасының ортақ қазынасына айналғаны қызық. Ауылдың қиына дейін қимайтын Петр Шенбергер: «Елдегілер көшіп кетті. Біз қалдық. Малмен, жаймен қалдық. Туып-өскен жеріміз!», – дейді. Мұны мұңайып емес, жақсы күндер алда дегендей нық сеніммен айтты. Себебі көп. Ең бастысы – ол ауылды алтынға да айырбастамайтын азамат. Күнкөрістен қысылып қалмас үшін қорасында азын-аулақ мал ұстап отыр. Оны еселеп көбейту де ойында бар. Мал басы артса, тұрмыстары да оңаларын жақсы түсінеді. Туған жерін түлете алатынына, бақ пен береке осы жерден бұйырып тұрғанына сенімді. «Еңбегімен ер сыйлы, өнбегімен жер сыйлы» деген аталы сөзді аузынан тастамайтыны сондықтан.

(Жалғасы 7-бетте)

ҚАРЖЫ

Ұлттық банк әлеуметтік желіде «сайлаудан кейін теңге құнсызданады» деген алып-қашпа әңгімеге қатысты ұстанымын білдірді. Банкирлер мұны дәйексіз даурықпа деп бағалады. Сондай-ақ, «Еуразия экономикалық одағына мүше елдерде ортақ валюта – «алтын» айналымға енгізіледі» деген пікірді де жоққа шығарды. Олар мұндай болжамсымақтың шындыққа жанаспайтынын, төл теңгенің ахуалы ұдайы бақылауда екенін мәлімдеді.

ДӘЙЕКСІЗ ДАУРЫҚПА

Ұлттық банк төрағасының орынбасары Олег Смоляков әлгі сыбыстың шындыққа мүлдем жанаспайтынын айта келе, жұртты мұндай қауесетке сенбуге шақырды. Ол КТК телеарнасының тілшілеріне берген сұхбатында «Теңге бағамының аздап әлсіреуіне бірнеше фактор әсер етті. Атап айтқанда, АҚШ-та пайыздық мөлшерлеменің өсірілуі, мұнай бағасының арзандауы және тағы басқа да себептер. Бұл жылда болып тұратын құбылыс. Сондықтан ақша айырбастау орындарына жүгірудің қажеті жоқ. Сондай-ақ, «жақын уақытта «алтын» айналымға енгізіледі» деген мәселе, тіпті күн тәртібіне де қойылып отырған жоқ», – деді.

Қазіргі уақытта ақша айырбастау орындарында теңгенің бағамы тұрақталды деуге толық негіз бар. «Қара алтын» бағамының арзандауы ұлттық валютаға әсер етуіне келсек, әлемдік биржада бұл жетіде шикізат құнының



төмендегені рас. Бұған әлемдегі ең ірі тұтынушы Америкадағы мұнай қорының молдығы ықпал еткен тәрізді. Дегенмен, кеше Brent маркалы мұнай бағасының кымбаттап, оның әр баррелі 61 долларға дейін өсті. Ал мамандар әлемдегі қаржы, мұнай нарығындағы жағдай алдағы уақытта да құбылатынын алға тартады.

(Жалғасы 2-бетте)

ТІРШІЛІК

КОЛЯ АҒАЙДЫҢ ҚИЯРЫ түсіме кіреді



(Толығырақ 4-беттен оқыңыз)

ӨМІРДІҢ ӨЗІНЕН

БҰЛ НЕ ДЕГЕН БАТПАН ҚҰЙРЫҚ?..



«Ақшадан қиналып жүрсіз бе? Бері өз қолыңызда. Біздің тренингке қатысып, қаржылық қиындықтан құтылыңыз». «Жеке өміріңізде бақытсыз ба? Біздің марафоннан кейін махаббат пен бақытқа кенелесіз!». Әлеуметтік желіде түрлі тренингтер өткізіп жүргендердің ұраны, жарнамалары осылай жалғаса береді. Осындай жарнамаларды оқып отырып, бір сәтке дүниенің бар жаңалығынан, жақсылығынан құр қалғандай күйге түстім. Түсінбеген соң, өздеріне тікелей хабарластым.

(Бұл туралы 5-беттен оқыңыздар)



БИРЖАМЕТР

МҰНАЙ (brent)
61,17

DOLLAR
384.20

EURO
433,45

РУБЛЬ
5,91

ҚЫЗЫҚТАН ҚЫЗЫҚТАРЫ



Көлікті
жуып,
кетті
жуып

(Толығырақ 2-бетте)

БИЛІК

Мемлекет басшысы үшін бұл апта қарбалас шаруаларға толы болды. Әсіресе аймақтарға сапары өңірлерде жүзеге асырылып жатқан жемісті жұмыстарды одан әрі екшелеп, түйінді мәселелерді шешуге серпін берді.

Жамбыл облысына жасаған сапарында түйіні тарқатылмаған бірқатар мәселеге назар аударды. Айталық облыста орташа жалақы 112 мың теңге. Бұл — елдегі ең төмен көрсеткіш. Халықты жұмыспен қамту да ойландырады. Осының бәрі шешуді қажет етеді. Президент: «Барлық деңгейдегі әкімдердің басты міндеті жана жұмыс орындарын ашып, халықты қызметпен қамту екенін ескертемін. Жұмыс орындарын ашуда бизнестің рөлі жоғары. Сондықтан, жергілікті кәсіпкерлерді қолдауды жалғастыру қажет», — дей келе, өнеркәсіптің мүмкіндігін толық пайдалану, индустрияландыру жобаларын іске асыруда заманауи технологиялық өндіріске баса мән беру керектігін айтты.

Өңірде шағын қалаларды дамыту туралы да ойын ортаға салды. Айталық облыста моно және шағын қалалар өз алдына бөлек мәселе. Ал Жанатас, Қаратау секілді шағын қалалардың әлеуметтік, көлік және инженерлік инфрақұрылымын дамыту кезек күттірмейді. Оның барлығы халықтың өмір сүру сапасын арттыру үшін жасалмақ.

Жиында жемқорлық мәселесіне ерекше назар аударылды. Қасым-Жомарт Кемелұлы: «Жемқорлықты түбегейлі жойғанша күресеміз. Әкімдерге ерекше жауапкершілік жүктеледі. Ел экономикасының дамуы және халықтың әл-ауқатының артуы осыған тікелей байланысты. Жемқорлықпен күрес — Президент ретінде негізгі мақсаттарымның бірі. Бұл іске аймақ өкілдері белсене араласуы керек», — деді.

Құзырлы орындарға аудандық, ауылдық елді мекендердегі жолдарды жақсартуды, білім беру нысандарын көптеп салуды, сол арқылы үш ауысымды және апатты жағдайдағы мектептерді ретке келтіру тапсырылды. Әкімдіктер жанындағы Жастар кеңесі қыз-жігіттердің қызмет бабында өсуіне қажетті баспалдақ болуы тиістігі, мемлекеттік қызметте ғана емес, білім мен ғылым, мәдениет пен спорт, бизнес және басқа да салаларда дарындардың дара шығуын қолдау мәселесі көтерілді.

Ал Мемлекет басшысының Атырау облысына жасаған сапарында аймақ әлеуетінің мүмкіндігі сөз болды. Өңірдің жетістіктері жергілікті халықтың өмір

сүру сапасы мен табысының өсуіне ықпал етуі тиіс. Басқосуда өңір халқының әл-ауқатын арттыруды қамтамасыз етуге, отандық өндірушілерді дамыту үшін мұнай-газ секторының әлеуетін барынша пайдалану тілге тиек болды. Үкіметке үш ірі жоба аясында өнімдерді сатып алу және қызмет көрсету ісіндегі отандық тауарлар мен жергілікті мамандардың үлесін көбейту, шетелдік және отандық

бар. Мемлекеттің және кез келген компанияның ең басты байлығы адам екенін ұмытпаныздар. Бастысы — жана жұмыс орындарын ашу, жұмысшылардың жалақысын арттыру», — деді.

Экономика саласын әртараптандыру, соның ішінде полиэтилен, полипропилен өндіру және балық шаруашылығын дамыту жөніндегі жобаларды жүзеге асыру мәселелері де сөз болды. Ендігі жерде



АЙМАҚТАРДЫҢ ӘЛЕУЕТІ АРТАДЫ

жұмысшыларды бірдей еңбекақымен қамтамасыз ету жөнінде жүйелі жұмыс жүргізуге тапсырма берілді.

Кездесуде азаматтардың сапалы білім алып, жалақысы жоғары жұмысқа орналасуы үшін барлық жағдай жасау қажеттігі де айтылды. Ал отандық кәсіпкерлерге мемлекеттің және кез келген компанияның ең басты байлығы адам екенін ұмытпау құлаққағыс жасалды. Бастысы жана жұмыс орындарын ашу, жұмысшылардың жалақысын арттыру — негізгі мәселе болмақ.

Мемлекет басшысы өңір халқының әл-ауқатын арттыруды қамтамасыз ету, отандық өндірушілерді дамыту үшін мұнай-газ саласының мүмкіндігін барынша пайдалану керектігін жеткізді. Қ.Тоқаев Үкіметке үш ірі жоба аясында өнімдерді сатып алу және қызмет көрсету ісіндегі отандық тауарлар мен жергілікті мамандардың үлесін көбейту, шетелдік және отандық жұмысшыларды бірдей еңбекақымен қамтамасыз ету жөнінде жүйелі жұмыс жүргізуді тапсырды.

Президент: «Азаматтарымыз сапалы білім алып, жалақысы жоғары жұмысқа орналасуы үшін барлық жағдайды жасау керек. Отандық кәсіпкерлерге де айтарым

жергілікті экономиканың мұнай-газ және мұнай-химия кешендерінен басқа да салаларын дамыту қажет. Өңірдің балық өнеркәсібін қалпына келтіру және осы секторға инвесторлар тарту көзделіп отыр.

Қ.Тоқаев тұрғын үй, экология және көлік инфрақұрылымы мәселелерін шешуге ерекше тоқталып, нағыз сапалы жол қандай болуы керектігін айтты. Ең алдымен, сол жолды пайдаланатын тұрғындарды діттеген жеріне жылдам жеткізетін қауіпсіз жол болуы тиіс. Жөнделген жолдың саны емес, сапасы маңызды! «Әкімдіктердің жұмысын осы талапқа сай бағалайтын боламын. Мысалы, қазір Индер мен Миялының арасындағы 120 шақырымды жүріп өту үшін 5 сағат керек. Ал жөндеуден кейін бұл аралықты 1,5-2 сағаттың ішінде жүріп өтуге болады», — деген Президент аймақ басшысына нақты тапсырма берді.

Мемлекет басшысының екі аймаққа сапары өңірлердегі ілкімді істерді жүзеге асыруға ықпал етеді деген сенім мол.

Жамбыл ҚЫРҒЫЗБАЙ

Қаржы

ДӘЙЕКСІЗ ДАУРЫҚПА

(Басы 1-бетте)

Бірақ бұл ұлттық валютаның күрт құнсызданып кетуіне себеп бола алмайды. Журналистерге осы тұрғыда өз ойын білдірген экономист Әкімжан Арупов теңге аздап құнын жоғалтуы мүмкін, алайда девальвацияның ауылы бізден алыс деген пікірде. Ол: «Метал, мұнай, газ, яғни әлемдік тауарлардың нарығында баға жиі құбылып тұрады. Ол біздің елге тікелей әсер етуі де мүмкін. Дегенмен, бұл уақытша үрліс. Бұл жерде жаз маусымы басталып, өзге валюталарға сұраныс артқанын да назарға алған жөн. Сонымен қатар терістік көршіміздегі рубль бағамының тұрақты екенін де ескерген жөн», — дейді.

Айта кету керек, «қара алтынның» құны төмендеген соң рубльдің долларға шаққандағы бағамы да құнсызданды. Шамалы ғана. Сарапшылардың айтуынша, Ресей Орталық банкі рубльдің тұрақты бағамын ұстап тұруға айрықша көңіл бөліп отыр. Айта кеткен жөн, өзге елдерде де қандай да бір саяси науқан қарсанында әлеуметтік желі арқылы ақша бағамына қатысты алып-қашпа әңгіме тарату — жиі болмаса да, кездесіп тұратын құбылыс. Сондықтан, қаржы мамандар дәйексіз даурықпаға сенбеуге шақырады.

Сымбат ҒАЛЫМБЕКҰЛЫ,
журналист

Ашығын айтқанда...

НАҚТЫ ЕСЕП КЕРЕК

«Быттыр бюджет қаражаты 100 пайызға орындалды, қыруар ақша жұмсалды. Бірақ ақыр соңында бір нәтиже болғанын қалаймыз. Ал барлық қаржы жұмсалып, нәтиженің болмауын қалай түсіндіресіздер? Әрине, негізгі себебі — жоспарлау сапасының әлсіздігінен. Бюджеттік қаражат тек қана индикатор бойынша бөліну керек. Онда нақты нәтиже мен қанша қаражат керектігі айқын көрініс тапқан. Көптеген әкімшіліктер мемлекеттік бағдарлама қаражатын бір жыл ішінде игеруге үлгере алмай жатса, индикаторларды өзгерте салады. Сондай-ақ Үкімет индикаторлар мен көрсеткіштердің көпсалалы жүйесін қалыптастырғандықтан, ол өзара байланыспай қалады. Мәселен, бізде орталық деңгейде 500 индикатор бар. Ал жергілікті деңгейде 1500-ге жуық. Осы жағдайларда ақшаның қаншалықты тиімді жұмсалғанын және түпкілікті нәтижесін қалай бағалаймыз? Бұлыңғыр бюджетпен есепте ештеңе көрінбейді. Сараптама көрсеткендей, бізде ашылған, алайда жобалық қуатына жете алмаған кәсіпорындар бар. Олардың өзі шығынға ұшырап үлгерген. Бізде пайдалануға берілген жолдар бар, бірақ бірнеше айдан кейін олар жарамсыз күйге түседі. Сонымен қатар елді мекендерге жетпеген су және газ құбырлары бар. Сондықтан нақты индикаторлар ішкі қарызды толық көрсетуі тиіс. Мемлекеттік және жекеменшік серіктестік алдындағы міндеттемелерде имидждік жобалар, квазимемлекеттік секторлар шығаратын облигациялар мен құнды қағаздар, соның ішінде Зейнетақы қоры мен Ұлттық қордың белгілі бір бөлігі бар. Біз алдағы 10-20 жыл көлемінде қандай қарызымыз барын нақты көруіміз керек».

Гүлжан ҚАРАҚҰСОВА,

Мәжіліс депутаты

(2018 жылғы республикалық бюджеттің атқарылуы туралы Мәжілісте сөйлеген сөзі)



АҒЫЛШЫН ТІЛІ. ҚАРЖЫ?

Жәмила НҰРМАНБЕТОВА, Мәжіліс депутаты:



оқытатын мұғалімдер неге бірдей ақша алады?».

«Үкіметтің есебіне сәйкес, 2018 жылы тілдік курстан өткені туралы сертификат алған 6740 мұғалімге үстемақы төлеу үшін республикалық бюджеттен 1,6 миллиард теңгеден аса қаржы бөлінді. 6740 мұғалім жоғары деңгейдегі сертификат алды. Олардың тек 818-і ғана сабақты толығымен ағылшын тілінде беріп жүр. Ал қалған 5922 педагог тек жарым-жартылай ғана сабақ өтеді. Бірақ осы екі санаттағы мұғалімдер айына бірдей үстемақы — 35 394 теңге алады. Осыдан кейін үстемақы алудың жалғыз критерийі білім сапасы емес, сертификат қана ма деп қаласың. Ағылшын тілін өртүрлі деңгейде

Нұрлан НЫҒМАТУЛИН, Мәжіліс төрағасы:



«Министрліктің бұған атүсті қарауынан білім сапасы нашарлайды. Халықтың үштілділікке үрке қарайтыны да осыдан. Мектепте пәндерді ағылшын тілінде оқытпандар деп ешкім айтпайды. Бірақ мұны есеп үшін емес, дұрыс, ақылға салып істеу керек. Оқушылар мен ата-аналар бұдан хабарсыз деп ойлайсыздар ма? Міне, осыдан кейін олар бізге баға береді. Тәртіп болуы керек».

Күләш ШӘМШИДИНОВА, білім және ғылым министрі:



«Мектептерде пәндерді ағылшын тілінде оқытуға қатысты мәселе көп. Ағылшын тілінде оқыту, тым құрығанда, екі шартты орындаған кезде басталуы тиіс еді. Біріншісі — мұғалімдер дайын болған кезде, екіншісі оқушылардың дайындық деңгейі жеткілікті болғанда. Сол себепті биыл 352 мектепте ғана пәндер толығымен ағылшынша өтеді. О баста үстемақыны барлығына бірдей төлеу туралы шешім қабылданған. Сондықтан біз қазір үстемақыны кімге қанша төлеу керек екенін анықтап, талқылап жатырмыз».

ШЕТКЕ КЕТКЕН АҚША (KZT)

Ел	Қаржы көлемі	2018 жылды осы кезеңмен салыстырғанда
↓	↓	↓
РЕСЕЙ	65,1 млрд	– 6,4%
ӨЗБЕКСТАН	26,5 млрд	+ 36,2%
ТУРКИЯ	25,8 млрд	+ 41,2%

Дереккөзі: ranking.kz



Ақтөбе қаласында көлік жуатын екі жігіт жұмыс кезінде автожарыс ұйымдастыруды жөн көріпті. Сөйтіп орталыққа жууға әкелген «Тойота Камри» мен «Хундай» маркалы көліктерін айдап кеткен. Бұл туралы Ақтөбе облыстық полиция департаменті хабарлады.

Желіккен жігіттер көлікті жуудың орнына үлкен жолға жарысуға шығады. Құйындай ағылған екі көлік ақырында бір-бірімен соқтығысып, тіпті үшінші бір «ВАЗ» көлігін де сүйкеп өтіпті. Қазір оқиғаның мән-жайы анықталып, жол-көлік апатынан келген шығын есептеліп жатыр. Ал көлікті заңсыз қуып кеткен екі жігіттің үстінен қылмыстық іс қозғалды.



E-mail: jas_qazaq@mail.ru

www.jasqazaq.kz

NARYQ

Тіршілік

Қалаға көшіп келген Сабырхан жездем қазір шыбық басын сындырмайтын қаланың мынау деген жатағы. Кешегі кеңес заманында кеңшардың бас инженері болған. Қазір қосалқы бөлшектер сататын қойманың күзетшісі. Күндердің бір күнінде ертеректе күзгі жиын-терін кезінде ауылға көмекке келетін дядя Колямен жолығыпты. Коля жездемді әбден сыйласа керек. Айтқан әңгімесі есінде жоқ, жегені жадында қалыпты.

Айтса айтқандай екен, 22 мыңға жуық саяжайдың 11 мыңы иесіз, қанырап бос жатыр. Құлды шапқынға ұшыраған жер тәрізді. Қай тарапқа қараса да, шаңырағы ортасына түскен жатаған үйлер. Манайының бәрін құлақтары қалқиган түйежапырақ пен арасына бесті бие жасырынса көрінбейтін алабота басып кетіпті. Іздеп жүріп басшысын тапқан. «Дачник» кооперативі екен. Кооператив басшысы Алексей Шумейконың айтуына қарағанда, тап қазір облыс орталығында саяжай алғаннан онай нәрсе жоқ. 15 мың теңге ақшанды төлейсің де, көкөніске көңілің ауып жүргенін айтып, өтініш жазасың. Одан арғысы шыбық сындырғандай-ақ нәрсе. Алдымен тастанды саяжай телімінің иесі жоқтығы туралы анықтама алсаң, жетіп жатыр. Өтінішінді қалалық әкімдіктің жанындағы комиссия қарайды да, артынан ақырып келер



жағалаған. Сөйтсе, сізге өтірік, маған шын, әлгі жер тырмалап жүргендердің ішінде бір қазақ жоқ. Шала білетін орысшасымен қақалып-шақалып сыр

аулаған. Қалалықтардың саяжайларын қасқырдан қашқан сайғақтай тастай қашуының себебі саналуан. Біріншіден, көп кооперативтерде су жоқ. 18 кооператив бірігіп ұнғыма қазып алыпты. Судың өзіне бір маусымға жиырма мың теңге төлейді екен. — Сусыз іс бітпейді ғой, — дейді Петр Иванов дейтін алғашқы жолыққан саяжай иесі. — Бұл жерде біздің «Казминтранс» кооперативінде су жарықтықты аптасына бір-ақ рет береді. Оның өзінде қысымы аз, төменгі жақ алады да, жоғарыға жетпей қалады. Су құбырларының бәрі дерлік тозып біткен. Біздегі көкөністің тандайы кеуіп тұрса, қайран су жарық құбырдан жылға-жылғаны қуалап текке ағып жатыр. Оларға босатылған судың көлемі болса болды, ақшасын бәрімізге бөліп тастайды. Былтыр 16 мың теңгеден төлеп едік. Биыл қымбаттатып, 20 мыңға шығарды. Екінші бір қиындық, ұрлықтың көптігі. Жеміс-жидек піскен кезде қаланы паналаған қаңғыбастар мен жұмыссыз жүргендер қара қарғадай қаптады. Қашанғы күзетіп отырасың? Жұмыста жүргенінде саяжайында мелтектеп өсіп тұрған жеміс-жидекті теріп алып, орталық базарға апарып арзан бағаға сатып жібереді. Жездеммен жолыққандардың айтуына қарағанда, күзет міндеті жүктелген атты полиция бар екен. Бірақ олар жоғары жақтағы басшылардың саяжайларын ғана күзетсе керек. Олардың тыныштығын бұзбаған ләзім ғой. Өткен жылы саяжай басындағы темір қазықтарды, сым қоршауларды, сап-сау тұрған су құбырларын бұзып әкеткен екен. Үйлердің де төбесіндегі тиер тіреуіштер металл жинайтындардың нәпақасына айналыпты. Кейін саяжайларға 1 миллион 400 мың теңгенің залалын келтірген ұрылар ұсталған. Бірақ тыйылатын түрі көрінбейді. Тастанды саяжайлардың тақсыреті аз емес. Олардың манайын басып кеткен арамшөп қураған кезде от үйір. Былтырғы жылы киіздей тұтасып жатқан қурай жанып, бес бірдей саяжай өртеніп кетіпті.

Саяжай ішіндегі жолдан жол талғамайтын көлік болмаса, қалғаны жүре алмайды. Электр қуатын тасымалдайтын бағаналар да қираған. Қайтадан қалпына келтіру үшін қаржы жинауға көпшіліктің басы қосыла бермейді. Тен жартысы қанырап бос жатыр. Өмірі кәсіп етпеген шаруасын қолға алмақшы болып, шиыршық атқан Сабырхан жездемнің алғашқы екпіні осылай басылып қалды. Апамның айтуына қарағанда, түнде түс көріп жатып сөйлейтін көрінеді. «Қияр, қияр» дейді екен. Коля ағайдың үйінен жегенін айтатын шығар...

Байқал КӨБЕЕВ,
Көкшетау

КОЛЯ АҒАЙДЫҢ ҚИЯРЫ ТҮСІМЕ КІРЕДІ



— Ойпырмай, — дейді Сабырхан жездем, — әлгі Коля ағайдың үйіндегі тұздалған қиярдың дәмін-ай. Өзі де күрт-күрт етіп үгіліп тұр ғой. Адамның жегісі келе береді екен.

Коля ағайдың үйіндегі тұздалған қияр қоймадағы күзетінің кезегін өтеп келген соң шөнііп диванның үстінде жататын Сабырхан жездемнің тынышын алып бітті. Енді бұл да саяжай алып, көкөніс екпек. Көкөніс атаулының жер бетіне қылтып шығысымен өзімен бірге бар бейнетті ала шығатынынан бейхабар. Өйткені, жездемнің өмір бойы бақканы темір-терсек қой.


Көкшетауға көктем келісімен жездем екі білегін сыбанып алып, саяжай іздеуге көшкен. Әуелі жергілікті жарнамалық газеттерді шолып шықты. Бір күні жөн білетін біреу ақыл айтсын.

— Мынау Зеренді бағытындағы тас жолдың қос қапталында саяжай дегеніңіз пішен, тегін, бос жатыр, — деген құдай қосқан көршісі, — бар да еге бер. Құдай біледі солардың қак жартысының иесі жоқ.

қожайыны жоқ болса, сенің атына тіркей салады. Содан соң көкөніс егесін бе, картоп егесін бе, өзің біл.

Бау-бақша білімінен жездем қара жаюу емес. Баяғыда ауылда тұрғанда картоп егетін. Жұмыстағы адамның қолы тие бере ме, үйдің іргесіндегі бақшаға көктемде тұқымды сеуіп тастаған соң, шаруа осымен біттіге санайтын. Күзде барса, картобы қайсы, арамшөбі қайсы адам біліп болмайды, киіздей тұтасып кеткен. Тап осы жерде инженерлік білімі көдеге аспай қалатын. Картоп пен арамшөпті айыру үшін міндетті түрде мықты агроном болуын шарт.

Ежелден шаруа жайын білетін жездем саяжай басындағы мәселені анықтап алмақ болып, жер тырмалап жатқандарды



Сұхбат

Соңғы аптада елді өлеңдеткен мәселенің бірі – ет бағасының күрт өсуі болып тұр. Бұған қарапайым халықтың алаңдайтындай жөні бар. Өйткені, өкінің бірі қордада мал ұстау мүмкіндігінен айырылған. Тұяқтыдан түгі жоқ жұрт амалсыз базар жағалайды. Ең арзан ет – сол жерде. Ал дүкендерде тұрып қалған өнімнің өзін қалта көтере бермейді. Осы орайда Қазақстан ет одағы қоғамдық бірлестігінің төрағасы Мақсұт Бақтыбаевты сөзге тартқан едік.

Жас қазақ: Соңғы айда барлық аймақтарда ет бағасының күрт өскені байқалды. Бұл өзгені қайдам, бізге жақпайтыны анық. Себебі етті көп жейміз. Онсыз ас батпайды. Мұның сыры неде?

Мақсұт Бақтыбаев: Халқымызда «Ас — адамның арқауы» деген мақал бар. Біз қазан көтерсек, тамақтың арасында қарайған ет жүрмесе, ас ішкендей болмайтынымыз анық. Ал келген қонаққа ет аспау — кешірілмес күнә. Сондықтан да болар, ұлтымызда «Қонақ келсе, ет қызарар, ет қызармаса, бет қызарар» деген аталы сөз бар. Қалай айтсақ та, етке деген қызығушылық басылмайтыны даусыз.

Әрине, ет жеуден әлемде алғашқы орында емеспіз. Бірақ көштен де қалып қоймаған халықпыз. Өкінішке қарай, соңғы айда ет бағасы 0,4–1,4%-ға өсті. Мәселен, биыл сәуір айында қой етінің бағасы 1,2 пайызға (1501,8 келісі теңгеге) дейін өсті. Сиыр еті бір айда 0,8 пайызға дейін жетті (1575,1 келісі теңге). Бір жылда 6,6 пайызға қымбаттады. Жылқы етінің келісі 1789,4 теңге. Құс етіне де баға әжептеуір өсті.

Статистикалық деректерге қарағанда, әрбір отбасының етке ақшалай шығыны былтыр жан басына шаққанда 91 мың теңгені құраған. Ет және ет өнімдеріне

жұмсалатын шығындардың үлесі еліміз бойынша —14,8, қалада — 14,6 пайыз, ауылды жерде 15,3 пайызды құрады. Бұдан өзге халық жиі тұтынатын ірі-қараның ішек-қарыны мен өкпе-бауырына да сұраныс зор. Осының бәріне себепше не? Енді нақты әңгімеге көшер болсақ, соңғы екі жылда ауыл шаруашылығы саласында жанар-жағармайға сұраныс артып, литрі 120-дан 183 теңгеге дейін өсіпті. Малдың құнарлы жемі саналатын арпаның тоннасы 30-дан 60-65 мың теңге болған. Міне, осы екі нәрсе ет өндірісінің өзіндік құнын белгілейтін бірден-бір қосынды. Осыған қарап отырып,

фермерлер тарапынан көтерме саудада да бағаның көтерілгенін баса атап өткеніміз жөн. Фермер өз шаруа қожалығын дамытуға жылдар бойы жұмсаған қаражатынан қайтарым ала бастағанының бір көрінісі осы. Бұның еш сөкеттігі жоқ.

Жас қазақ: Десек те, ет өнімдерімен ішкі нарықты қаншалықты қамтамасыз етіп отырмыз? Сырттан келетін етке тосқауыл қоя аламыз ба, әлде қажеттілікті өтеу үшін ол да керек пе?

Мақсұт Бақтыбаев: Қазіргі кезде еліміз тұрғындарының 95 пайызы сиыр етін тұтынады. Сонымен бірге етті сыртқы

ет жеткізіледі. Ал біз стейк үшін қымбат ет сатамыз. Егер шетелдерде бағасы арзан ет болса, оны неге сатып алмасқа? Оны қайта өңдеу мақсатында — шұжық өнімдері үшін пайдалануға болады. Өкінішке қарай, біз құс етін көбірек сатып алуға тәуелдіміз. Жұрттың сұранысын орындауға қауқарсызбыз. Құс фабрикаларын салу да оңай шаруа емес. Мысалы, Ақмола облысында бір фабрика салу 100 миллион долларға түсті. Әрі қаншама уақыт керек. Сондықтан, бұл мәселені шешу оңай болмай тұр.

Жас қазақ: Ет өнімдерін экспорттау жіті көтерілуде. Қазір Қазақстан өнімін сыртқа



ет бағасының шарықтауына тым таңғалудың жөні жоқ.

Бағаның өсуі — нарыққа тән үрдіс, оның ішінде еттің қымбаттауы заңды құбылыс. Бұл жерде біз жекелеген сауда ғана емес,

саудаға шығару да қолға алынуда. Мәселен, өткен жылы елімізге 12 мың тоннадан аса ет сырттан жеткізілді. Бұл өнімдер Украина, Моңғолия, Парагвайдан әкелінді. Бұл да жаман емес. Негізінен бургер үшін арзан

сатуға келергі бар ма? Экономикалық одақ заңдары белгілі бір шектеу қоймай ма?

Мақсұт Бақтыбаев: Еліміздің ауыл шаруашылық министрлігі бүгінгі уақытта отандық етті жана нарықтарға шығару мақсатында белсенді саясат ұстанып отыр. Бұл үрдіс үздіксіз жұмыс істеуде талап етеді. Қазір Таяу Шығыс пен, Қытай, Иран, БАӘ, Бахрейн, Сауд Арабиясы секілді мемлекеттерге ет тасымалдау бағытында қажетті келісім жасалуда. Басқа да нарық көздері іздестірілуде.

Отандық ет өнімін шетелге шығару үшін өнімді сақтау, логистика, келендегі баж салығына байланысты қосымша қаражат қажет етеді. Жакында Қазақстан мен Қытай арасындағы аймақаралық ынтымақтастық бірлескен форумында Қытай Халық Республикасы үкімет басшысының орынбасары мен біздің одақ арасында елімізден аспан асты еліне жеткізілетін ет өнімдеріне қатысты келендік баж салығын төмендету мәселесі көтерілді. Мәселен, біздің өндірушілер көрші елге ет жеткізу барысында 31,5 пайыз қосымша шығын жұмсайды. Ал Жаңа Зеландияға кететін шығын 12 пайыз ғана.

Жас қазақ: Әңгіменізге рахмет!

Сұхбаттасқан
Жолдасбек ДУАНАБАЙ

Өмірдің өзінен...

Жақында бір танысым аударма жасап беруді өтінген еді. Аударманы жасау барысында оның қандай аудиторияға, кімдерге арналғанын шамалағандай болдым. Анығын сұрағанымда, жұртқа әлеуметтік желі арқылы психологиялық тренингтер мен марафон өткізіп жүрген танысының кітабы екен. Бұл сізге де түсінікті болар. Қазір кейбіреулер аударманың арқасында кітаптан кітап шығаруда. Қысқасы, өзгенің ойын ұрлайтындардың дәурені жүріп тұр. Олардың өзге тілде, өзге менталитетке арнап жазылған дүниелерді саралап, жақсы мен жаманды талдап жатпастан аударып, жұртқа ұсына салатыны түсініксіз. Бұл санамызға теріс әсер етіп жатқаны жасырын емес. Кейбіреуі ғана болмаса кітап шығарғыштардың көздегені қазақтың болашағы, руханияты, ұлттық болмысы емес, көк қағаз деп ойлаймын.

Сонымен, өзім аударған дүниенің кітап болып шығатынына көзім жеткен соң, оның оқырмандары кім деген сұрақ мазалады. Алдымен кітап авторларының аудиториясына, яғни семинар-тренинг өткізіп жүргендердің әлеуметтік желідегі парақшаларына жазылып, біраз уақыт бақыладым. Сонымен...

— Сәлеметсіз бе? «Мастер кит» туралы білейін деп едім? Ол жайында ақпарат бере аласыз ба?

— Әрине. «Мастер кит» — телефоныңызға қондырылатын «жеке психологыңыз». Оны алдымен сатып алуыңыз керек. Бір айға — 30 мың теңге. 3 айға — 160 мың теңге. Бір жылға 350 мың теңге. Сізге тез көмектесу үшін бірден үш айлығын алуыңызға кеңес береміз.

— Сонда ақшаны сізге аударам ба?

— Маған немесе

байлыққа әп-сәтте көміп тастайды. Алайда өз тірліктерінің рахатын көріп



ЖАБАЙЫ ТРЕНИНГТЕРГЕ КӨПТЕГЕН ЕЛДЕРДЕ ТЫЙЫМ САЛЫНҒАН. АҚШ-ТА ОНЫМЕН ПСИХОЛОГТАР ҚОҒАМЫ АЙНАЛЫСАДЫ. КЕЛУШІЛЕР ДӘРІС БЕРУШІНІҢ АМЕРИКА ПСИХОЛОГИЯ ҚАУЫМДАСТЫҒЫ ТАРАПЫНАН СЕРТИФИКАТЫ БОЛСА ҒАНА АТАЛҒАН ТРЕНИНГТЕРГЕ ҚАТЫСАДЫ. АЛ БІЗДЕ ҚАЛАЙ? СТАТИСТИКА БОЙЫНША, ОСЫНДАЙ ОНЛАЙН-ДӘРІСТЕР ҮШІН ТӨЛЕМ ЖАСАУШЫЛАРДЫҢ САНЫ БІР ЖЫЛ ІШІНДЕ ШАМАМЕН 12-13 ЕСЕГЕ АРТЫП ОТЫРАДЫ. ЯҒНИ ЖҰРТШЫЛЫҚ ПСИХОЛОГИЯ МЕН ҚАРЫМ-ҚАТЫНАСҚА АЙЫНА ОРТАША ЕСЕППЕН 12767 ТЕҢГЕ ЖҰМСАЙДЫ.

Жанымда да өзім сияқты пәтер жалдап тұратындар көп еді. Олардың тек бір күнмен өмір сүріп жүргенін байқайтынмын. Ақылымды айтайын десем, менімен ешқайсысы сөйлеспейді. Кейін ізденіп жүріп, инстаграмға тіркеліп, айтар ақыл-кеңесімді осында сала бастадым. Қазір 14 мың оқырманым бар. Мен өткізетін скрам сабақ 46 жыл сүрген өмірімнің қате тұстарынан алған сабағым. 8 ай оқыған психолог мамандығымнан алған тәжірибем мен әдіс-тәсілім. Ақыл-кеңесіме жүгініп, менен бағыт-бағдар алушылар 14 пен 60 жасқа дейінгілер. Мен көмектескен

жандардың санында есеп жоқ».

Яғни «жүтіргенге жөргем ілігеді» демекші, алғыс аркалап жүргендер де бар. Парақша оқырмандары қалдырған пікірлер біржақты боп кететіні де шындық. Бұл да түсінікті. Себебі бақытты ешкімнің көмегінсіз табуға ұмтылатындар мұндай парақшалардың барынан да хабары жоқ. Сонымен пікірлер былайша ой толғайды:

Әсел Марлан:
«Қайырлы кеш, финкод дегенді мен де алып едім. Не ақша жоқ, не басқа жоқ. Құр уақытымды жібепіп, қайта бұрынғыдан да тарығып кеттім. Біз бұрын сондай

тренингтерге көп барушы едік. Жұмыс істемей, тек соның ізіне түскен құрбыларым бар. Қазір, соларға қойындар, нан беретін жұмысқа, шынайы өмірге оралындар деп жүзімін».

Мереке Албанова: «Саламатсыз ба, кеш жазып отырсам, кешірім сұраймын. Сізден байлық кодын алғалы, ақшам үзілмейтін болды. Сізге сеніп жазып едім, күйеуім жұмысында «начальник отдела» болды осы аптада бұйрық шықты. Айтпақшы, осы жылға Сегіла жасатып едім, келесі жылға тағы жасатып алайыншы».

Қарашаш Смайылова: «Қайдағы ақша? Қайдағы көмектескен? Бостан-босқа ақшамды салдым. Негізінде, өзім мұндай нәрселерден аулақ жүруші едім. Ақшадан қиналып жүргенде, осылар жолықты. Басында тыңдап отырып, кейін пәленбай теңгеге қарызданып, алгі айтқан программаларын қалай сатып алғанымды білмеймін. Өкінемін».

Гауһар Көменова (суретте): «Шолпан Тоқтарханқызының парақшасын оқи отырып, өмірде де өзім сияқты психологиялық тұрғыдан қиналып жүрген қыз-келіншектердің көп екеніне көзім жетті. Кейін, вацабы арқылы өзімен тілдесіп, шер тарқаттым. Сосын, 5000 теңге төлеп, екі күн әлеуметтік парақшасында өткен «мастер кит» деген сабағына қатыстым. Сабақ тікелей эфирде жүргізілді. Сол арқылы өзіме керемет қолдау таптым».



PS: Дипломы, арнайы білімі жоқ болса да, әлеуметтік желілерде түрлі тренингтер мен марафондар жүргізу сәнге айналған уақытта елімізде олардың қызметін қадағалайтын бірде-бір мемлекеттік мекеме жоқ. Негізгі өзгелерге рухани көмек беруден ләззат алатын, соған кеткен уақыты үшін ғана ақша талап ететін әрі ешқандай теріс ниеті жоқ жекелеген тұлғалардың қыз-келіншектерді осындай онлайн-кеңестерге тәуелді еткеннен басқа зияны жоқ. Нағыз зиян — ақша табуды бұны алаяқтықпен ұштастыру.

«Заманың түлкі болса, тазы боп шал» демекші, сананы тұрмыс билеген мына заманда әркім өз қабілетіне қарай ақша табуды көздейді. Немен айналысамын десе де, әркімнің өз құқы бар. Біздің мақсат — біреуді ақтап, біреуді қаралап, жап отырған наынан айыру емес, әрбір отандасымыз, соның ішінде қыз-келіншектер интернет-тренингтердің шектес тыс «табынушысы» болып кетпесе, бақытты алдымен өз жүрегінен іздесе деген ой. «Жақсыдан үйреніп, жаманнан жиренуді» ұмытпағанымыз жөн.

Нүрділ ЖАМБЫЛҚЫЗЫ,
журналист

TIRSHILIK



E-mail: jas_gazaq@mail.ru

www.jasgazaq.kz

Жастар

Алматы менеджмент университетінің қабырғасында 1-курс студенттеріне арналған «Ұлытау» оқу-танымдық практикасы өтті. Оның мақсаты – «Рухани жаңғыру» бағдарламасы аясында студенттердің этномәдени білімін тереңдетіп, төл мәдениетімізге қызығушылықтарын арттыру.



Іс-шараның ашылу салтанатында университеттің академиялық даму жөніндегі проректоры Әсел Арынқызы, «Мәміле» клубының жетекшісі Қанат Тасыбеков студенттерге сәттілік тіледі. Ал тілдерді дамыту орталығының басшысы Әсем Амантай

«Ұлттық салт-дәстүрлеріміз, тіліміз бен музыкамыз, әдебиетіміз, жоралғыларымыз, бір сөзбен айтқанда ұлттық рухымыз бойымызда мәңгі қалуға тиіс... Гуманитарлық зиялы қауым өкілдері еліміздің жоғары оқу орындарындағы гуманитарлық кафедраларды қайта қалпына келтіру арқылы мемлекеттің қолдауына ие болады. Бізге инженерлер мен дәрігерлер ғана емес, қазіргі заманды және болашақты терең түсіне алатын білімді адамдар да ауадай қажет».

(Елбасының «Болашаққа бағдар: рухани жаңғыру» атты мақаласынан)

іс-тәжірибе бағдарламасымен таныстырды.

Студенттік тәжірибенің бірінші күні әр топ өздері тандап алған тапсырмамен танысып, оны шешудің бір апталық жоспарын жасады. Тапсырма тіл, салт-дәстүр, ұлттық құндылықтарға негізделіп берілді.



Іс-тәжірибені өткізуге жауапты тілдерді дамыту орталығы және қазақ тілі пәнінің оқытушылары ұйымдастырған бағдарлама бойынша студенттер «Есік» мемлекеттік тарихи-мәдени қорық-мұражайында сақ әлемінің құпиясына қанықты. Шәкен Айманов атындағы «Қазақфильм» киностудиясында, Қырталық мемлекеттік мұражайда, «Қазақ өнері» орталығында болып, ұлтымыздың тарихы мен өнері туралы жан-жақты мағлұмат алды. «7 club» жылы клубында биені қалай сауатынын, қымызды күбіде қалай пісетінін көрді. Сонымен қатар атқа мініп, серуендеп, жақсы әсер алып қайтты.

Жұма және сенбі күні кейстерін шешу аясында студенттер ұлттық нақышта киім үлгісін дайындап, қаладағы тұрғын үй кешендерінің балаларға арналған алаңдарында ұлттық ойындарды насихаттады. Университетте ұлттық тағамдарды дайындаудан шеберлік сыныптарын өткізген жігіттер «Өрметөстік» өрумен қыздарды таңқалдырды. Осылайша, бір аптаға созылған оқу-танымдық тәжірибе барысында студенттердің көргені көп, түйгені мол болды.

Ақмарал НҰРТАЗИНА,
Ләззат БЕГАЛИЕВА,
Alma U «Тілдерді дамыту» орталығының оқытушылары

Олардың жазбалары жандүниеніңді жаулап алады: «Riches Company-ға жазылыңыз. Тіркелу — 10500 теңге. Ақшаны өміріңізде бір-ақ рет саласыз, басқа салмайсыз. Тауар сатпайсыз, балл жинамайсыз», «Байлық кодыңызды есептеп беремін, 2000 теңге. Аффирмациялар мен Сегиланы жасап беремін. Методика

МАМАН ПІКІРІ ↓

Айсұлу МОЛДАБЕКОВА,
әлеуметтанушы:

«Қыз-келіншектеріміздің интернет арқылы ақша табуға деген ұмтылысын өйелдер арасындағы жұмыссыздық деңгейінің жоғары екендігімен байланыстыруға болады. Өйткені, қыз-келіншектердің жұмыспен қамтылу деңгейі төмен.

Жалпы, бүгінде лайфспринг, коучинг, вебинар, марафон дейсіз бе, түсініксіз әрі қазаққа жат терминдермен тіліміз де бұрмалауда. Тренингтердің көң тарағаны сонша, қазір екінің бірі уыс-уыс ақшаны көз алдыңызда санайды. Жалпы, бұл құбылыстың соңы жақсылыққа апармайды.



Ресейдің Казан қаласында тұратын С. есімді келіншекке аударасыз.

— Мен орысша түсінбеймін. Қазақтарға арналғаны бар ма?

— Жок. Бізде бәрі орысша. Бірақ алдағы уақытта дүниежүзінің барлық тіліне аударылады.

— Сатып алғаннан кейінгі міндетім не?

— Сізді вацап желісіндегі тобымызға қосамыз. Онлайн сабақтар аласыз. «Голосовой смс» арқылы сұрақтарыңызды қоясыз. Сіздің «блоктарыңызды» ашып, «установкаларыңызды» разблокировать» етіп, жеңіл өмір сүруге үйретемін.

— Маған қай жағынан көмектеседі?

— Бәріне көмектеседі! Өмірде не қалайсыз, соның бәрін береді. Ақша ма, үй ме, көлік пе? Жұмыс па? Бақытсызсыз ба? Тұрмысқа шыға алмай жүрсіз бе? Күйеуіңіз іше ме? Қысқасы, бағыңызды ашып жібереді! Ақша туралы айтпай-ақ қояйын. Өзімнің басымда несием болған, сондай қаржылық қиындықта жүргенде «мастер кит»

сатып алдым. Қазір айлық табысым — орташа 500 мың мен 800 мың теңгенің арасында!».

Бұл әңгіменің шет жағасын білген соң, екінші адамға шықтым:

— Сәлеметсіз бе? Оқырмандарыңыздың барлығы «финкод» туралы пікір қалдырыпты. Мені де қызықтырды. Ол туралы толығырақ мәлімет бере аласыз ба?

— Әрине. Менен 8 мың теңгеге код сатып аласыз. Ол сіздің қаржылық кодыңыз. Егер тек психологиялық тұрғыдан ғана көмек аламын десеңіз, 4 мың теңге. Бұл төлемге нумерология кірмейді. Егер жолыңызды ашыңыз келсе, міне, реквизитім, ақшаны осында аударыңыз.

Интернеттен мұндай ақыл-кеңес айтқыштарды мыңдап табуға болады. Бір ғана қонырау арқылы бәрі де егжей-тегжейлі түсіндіріп беруге, тауарын сатып алуыңыз үшін сізге сағаттарын жұмсауға дайын. Әрқайсысының оқырмандары 10 мыңнан бастап, миллиондардан асып жығылады. Дені — қыз-келіншектер. Олардың бақыт пен байлықтың кілтінен емес, шетелдік түрлі бағдарламалар мен олардың түрлі тәсілінен іздейді. Ауадан ақша жасағысы келгендердің арасында елімізге танымал сахна жұлдыздары бар. Өздерінің әпке-сіңлілері немесе туыстарының саудасын жүргізуге ықпал еткізі келген әншілер сізді



www.jasqazaq.kz

BIRLIK

E-mail: jas_qazaq@mail.ru

Алматы облысының әкімі Амандық Баталовтың Талдықорғанға арнайы келген Татарстан Республикасы делегациясының мүшелерін қабылдауы естен кетпес оқиға болды. Делегация құрамында Татарстанның халық әртісі Фердинанд Фатхи, еңбек сіңірген әртістер, «Зу-Ляй-Ля» музыкалық ұжымының әншілері Лейсан Махмутова мен Ляйсан Закирова, Татарстан Республикасының еліміздегі уәкілетті өкілінің көмекшісі Аяна Акинжанова, сол сияқты «ТНВ» телеарнасының журналистері болды.

Аймақ басшысы қонақтарды облыстың негізгі әлеуметтік-экономикалық бағыттарына тоқталып, Жетісу табиғатының ерекшелігін, туристік әлеуетінің ауқымдылығын атап өтті. Сол сияқты Татарстан Республикасының президенті Рустам Миннихановтың 2017 жылы Алматы облысына жасаған сапарын еске салды. Одан кейін арнайы шақырумен Татарстанға барған жетісулықтардың сапары туралы әсерімен бөлісті.

— Бағдарлама өте тығыз болды, көптеген пайдалы тәжірибелерді көрдік, үйренетін, назарға алатын, жұмыс барысында пайдалануға болатын дүние көп екен. Кейбір тұстарын қазірдің өзінде пайдаланып жатырмыз. Өз кезегінде Рустам Нұрғалиұлы біздің өңірдің де әлеуметтік-экономикалық дамуын оң бағалады. Біз аграрлық-индустриалдық облыспыз, қазір өндірісті дамытуға бар күш-жігерімізді салып жатырмыз. Жуырда ғана атақты «Роллтон» кеспелерін шығаратын «Маревен Фуд Тянь-Шань» зауытын іске қостық. Жақын күндерде мотор майын шығаратын «Лукойл» зауыты пайдалануға беріледі. Туризмді де белсенді дамыта бастадық. Алакөл көлінің, әсіресе шетелдік туристер арасында танымалдығы артып келеді. Біздің табиғатымыз өте көрікті, ерекше орындар жеткілікті. Шарын шаткалы, Көлсай, Айғайкүм, шаған тоғайы және т.б. Татарстаннан арнайы делегация келгеніне біз қуаныштымыз, — деді өңір басшысы

Қазақстан Халқы ассамблеясы төрағасының орынбасары, Президент әкімшілігінің Қазақстан Халқы ассамблеясы хатшылығының меңгерушісі Жансейіт Түймебаев та қонақтарға ізгі тілегін білдіріп:

— Елбасы саясатының арқасында еліміздің аумағында тұратын барлық этностардың мәдениеті мен тілін сақтауға, дамытуға толық жағдай жасалған. Қазақстан мен Татарстан арасында тарихи тамыры терең мәдени байланыстар орныққан. Қазақстанда тұратын татарлар да елдің дамуына зор үлес қосып отыр. Оның ішінде композиторлар да, жазушылар да, мемлекет және қоғам қайраткерлері де бар. Татарстаннан арнайы келгендеріңізге қуаныштымыз. Сіздердің сапарларыңыз достық қарым-қатынасты нығайтудағы, мәдени байланыстарды бекемдеудегі маңызды бағыттардың бірі деп білемін, — деді.

Жамбыл облысына іссапармен келген Президент Қасым-Жомарт Тоқаев зиялы қауыммен кездесуінде аймақтағы туризм саласын дамытуға баса назар аударды.

Мемлекет басшысы өз сөзінде: «Әлемдегі әрбір оныншы жұмыс орны туризм саласымен байланысты. Бұл бағытқа ерекше көңіл бөлу керек. Өңірде туристерді қызықтыратын тарихи орындар жеткілікті. Бес нысанға ЮНЕСКО тарапынан халықаралық мәртебе берілген *(ежелгі қалашықтар — Ақтөбе-Баласағұн, Құлан, Өрнек, Костөбе, Ақыртас)*. Жамбыл жеріндегі Айша Бибі және Қарахан кесенесі, Жайсаң киелі жері, Көксай шаткалы және басқа да тарихи орындар — халқымыз үшін ортақ мәдени құндылықтар. Үкімет туризм саласын дамытудың мемлекеттік бағдарламасын қабылдауда. Оған ең маңызды 10 туристік нысан кіреді. Оның екеуі — Алматы өңірінің тау кластері. Ал Түркістанның тарихи-мәдени туристік орталығы осы аймақпен шекаралас орналасқан. Өңірдің тарихи-мәдени манызын ескере отырып, облыс әкіміне, үш облыс аумағымен өтетін «Жана Жібек жолы» экспедициялық маршрутының *(Алматы, Түркістан, Жамбыл)* туристік инфрақұрылымын дамытуды тапсырамын. Аймақтың туристік қуатын арттырып, инвестиция тарту үшін жүйелі шаралар қабылдау қажет. Үкімет пен әкімдік бұл саланы бірлесе дамытуға күш салуы керек», — деді.

Жалпы, өңірде «Рухани жаңғыру» бағдарламасы аясында атқарылып жатқан жұмыстар жүйеленген. Тіпті көне шаһардың жәдігерлерін насихаттау арқылы туризм кластерін дамытуға да серпін бар. Президент Тараз қаласындағы «Көне Тараз» тарихи-мәдени орталығын аралау барысында «Көне Тараз» тарихи-археологиялық саябағының аумағында жүргізілген археологиялық қазба жұмыстары барысында табылған экспонаттар таныстырылды. Аталған орталықта 20 гектар

алқапта шолу мұнарасы, Достық үйі мен конгресс-холлы бар мәдени орталық, «Тараз саздары» стелласы, «Мыңбұлақ» саябағы, қазба жұмыстары барысында табылған экспонаттар қойылған музей орналасқан. Табылған, қойылған көне заттардың

бәрі нақышына келтіріліп салынған және ою-өрнекке бай әрі қолдан жасалған. Мысалы, алтын және күміс тиындар, қыш ыдыс-аяқ, қыш құбыр жүйелері мен өзге де ортағасырлық жәдігерлерді атауға болады. Бұл дүниелердің құндылығы мен тарихи байлығына отандық, тіпті ресейлік мамандарда да жоғары бағалаған. «Көне Тараз» тарихи-мәдени орталығы Қазақ хандығының 550 жылдығына орай ашылған, қаланың маңызды орындарының бірі. Осы жерден шаһардың өткенмен таныса аласыз. Тіпті аталған орталыққа өткен жылы 145 мыңнан астам турист келген. Ал ағымдағы жылдың бірінші тоқсанында 16 мың келуші бас сұғып, тарихи жәдігерлермен танысқан.

Мемлекет басшысы «Шахристан» тарихи-мәдени кешенінде бой көтеретін нысандардың сұлбаларымен де танысты. Шахристан кешені аумағында алдағы уақытта көркемсурет галереясы, өлкетану музейі, көрме және руханият орталығы, арбат, колөнер шеберханасы, амфитеатр және көлемді сағат стелласы сияқты бірнеше нысандар бой көтермек. Олардың құрылыс жұмыстары ағымдағы жылдың 25 мамырынан басталып кетті. Құрылыстың толық аяқталуы тараздықтар үшін тамаша тарту болмақ. Онда бас сұққан адам көне қалашықтардың біріне тап болғандай таңғажайып күй кешеді деп күтілуде. Демек, Тараз тұрғындары мен қала қонақтары енді ортағасырлық сәулет үлгісін көргісі келсе, Самарқан асып, Бұқара бармай-ақ, «Шахристан» тарихи-мәдени кешеніне келсе де жеткілікті болмақ. Неге десеніз, кешенде бой көтеретін барлық ғимараттар мен нысандардың қас беттері бірыңғай тарихи нақышта әрленбек. Бағаналардың бой көтеріп, қабырғалардың қалануы да тарихи шаһардың көне келбетін айшықтап тұруға, ортағасырлық сәулет үлгісінің болмысын сезіндіруге бағытталуда. Ол үшін салынатын жобалардың құрылысына Самарқан технологиясындағы арнайы қыш кірпіштер қолданылады. Ал мұндай кірпіштерді өндіру елімізде алғаш рет Жамбыл өңірінде қолға алынған.

Тараз қаласындағы Достық үйі ғимаратында Қазақстан Халқы ассамблеясы және облыстық соттың ұйымдастыруымен «Отбасы орталығы» ашылды. Бұл шараға облыстық сот алқасының төрағасы Жомарт Рүстембеков пен облыстық ассамблея төрағасының орынбасары, хатшылық меңгерушісі Маржан Қожасева қатысты.

Аталған іс-шара отбасылық сот пилоттық жобасын іске асыру шеңберінде ұйымдастырылды. Сондай-ақ облыстық әділет департаментінің өкілі Ләззат Әбішева, аналар кеңесінің өкілдері, ақсақалдар, этномәдени бірлестіктердің мүшелері, ҚХА медиаторлары, «Бастау» отбасын ресурстық қолдау жөніндегі жұмыс тобының өкілдері, адвокаттар, жангерлер, қорғаншылық және камқоршылық органдарының және басқа да мемлекеттік органдардың қызметкерлері салтанатқа арнайы келді. Медиация кабинетінде осындай орталықты құрудың басты мақсаты — араздасқан отбасыларды татуластыру және отбасылық құндылықтарды сақтау, сондай-ақ отбасылық жанжалдарды реттеу бойынша қызмет көрсету орталығына айналдыру. Жиында Жамбыл облысы Қазақстан Халқы ассамблеясы хатшылығының меңгерушісі Маржан Төреғұлқызы 2017 жылы Елбасы Нұрсұлтан Назарбаев Тараз қаласында болғанда отбасы, неке, жастар мәселелеріне ерекше алаңдайтынын және аталған мәселелер бойынша жұмыс жасалуын тапсырғандығын атап өтті. Осы тапсырмаларға сай, бүгінде аналар кеңесі және медиация кабинеті көптеген жұмыстар атқарып жатқанын жеткізді.

Ал Жамбыл облыстық сот алқасының төрағасы Жомарт Рүстембеков аймақтағы Қазақстан Халқы ассамблеясына осындай орталықты құруға мүмкіндік беріп, бірге жұлдырлық жұмылдыра жұмыс істегені үшін алғысын білдірді. Сот алқасының төрағасы: «Бұдан әрі орталықта отбасы-неке даулары бойынша түйінді мәселелерді сотқа дейін және соттан тыс реттеу институтын дамыту

шараларының жүргізілетінін атап өтті. Мұндай іс-шараларға бітімгер-судьялар, медиаторлар, психологтар мен әлеуметтанушылар қатысады. Олардың міндеті — жанжал жасаушы ерлі-зайыптыларды татуластыру және ажырасу санын мейлінше азайту болып табылады», — дейді.

ОТБАСЫ ОРТАЛЫҒЫ



Әділет департаментінің өкілі Ләззат Әбішева «Отбасылық сот» атты жаңа жобамен таныстырып, АХАТ органдарына өтініш білдірген жас жұптарға тегін курс-тренингтер ұйымдастыру, ерлі-зайыптылардың, ата-аналардың жеке, мүлкітік құқықтары мен міндеттеріне, алименттік міндеттемелерге, бала құқықтарына байланысты құқықтық кеңес беру мәселелері туралы айтып өтті.

Медиация кабинеті осындай орталықты құру арқылы енді отбасыларды татуластыру және отбасылық құндылықтарды сақтау, жанжалдарды реттеу бойынша қызметтер кешенін көрсету орталығына айналатын болды.

Ерман ӘБДИЕВ,
Жамбыл облысы бойынша меншікті тілші



«Сабантой» тарихи мерекесі. «Жастар» саябағында өткен думанды шарада татар ұлтының дәстүрі дәріптеліп, арнайы көрме қойылды. Мерекеге облыс әкімі Амандық Баталов қатысты. Баянда ойнаушылардың сүйемелдеуімен қазақ, татар, орыс тілінде өлеңдер айтылды. Ал ұлт мәдениетін, әдет-ғұрпын, өнері мен тұрмысын айшықтайтын көрме екі ел өкілдерін жақындастырып, бір-бірін толықтырып тұрды. Айта кетерлігі, мерекеге орай «Татар» этномәдени орталығы мен Fortuna Food

ТАҒДЫРЫНА РИЗА

Өз кезегінде Татарстан делегациясының мүшелері өздеріне көрсетілген құрмет үшін зор ризашылығын білдіріп, Қазақстан табиғатының ерекшелігіне таңданғандарын жасырмады. Татарстан Республикасының Қазақстандағы өкілетті өкілінің көмекшісі Аяна Акинжанова, Татарстан халық әртісі Фатхи Фердинанд, «Зу-Ляй-Ля» музыкалық ұжымының әншілері Ляйсан Закирова, Лейсан Махмутова облыс басшысының ізгі ниетіне, қабылдауына ризашылығын білдіріп, қазақ жеріне қуана келетіндіктерін жеткізді.

Облысымызға арнайы келген қонақтар Жастарға қызмет көрсету орталығында болып, Жетісу жастарының жалынды тілегі мен ән-шашуын тамашалады. Бикен Римова атындағы облыстық драма театрына да бас сұғып, «Достар серті» атты спектакльді көрді. Жетісу жерінің әсем табиғаты мен қайта түлген Талдықорғанның көрікті жерлерінен ерекше әсер алғандықтарын да жасырмады.

Қазақ жері кеңдігімен, қазақ халқы кең пейілімен белгілі. Оның дәлелі ретінде, кешегі орыс отаршылдарының тепкісі, Кеңес дәуіріндегі күшпен жер аудару салдарынан атамекенінен ауа көшкен өзге ұлт өкілдері қазақ даласына бауыр басып, тіршілігін жалғап кеткенін айтуға болады. Сонымен бірге олар еліміздің саяси өміріне қоян-қолтық араласып, ұлттық құндылықтарын жаңғыртып отыр. Қазіргі таңда облыста 23 этномәдени орталық болып, олар халықтар достығын нығайту, ұлттық мәдениетті өркендету бағытында өнімді жұмыстар атқарып келеді. Соның бірі — татар-башқұрт этномәдени орталығы. Тарихи дерекке сүйенсек, татарлар 1860-1870 жылдар аралығында қазақ даласына көшіп келіп, қоныстана бастаған. Алайда татар мәдениетінің тарихы тереңде жатыр. Бейбітшілік бесігіне баланған Қазақстанда қай ұлт өкілі болсын салт-дәстүрі мен мәдениеті қаймағын бұзбаған қалпы сақтап келеді. Соның бірі — еліміздегі татар этносының дәстүріне енген

аспаздары бірлесе 15 метрлік чак-чак әзірледі. «Көрмеге ұлттық тағамдарды ұсындық. Fortuna food дәмханасына бүгінде балаларым иелік етеді. Бүгінгі мерекеге ерекше дайындалдық», — дейді «Татар» этномәдени бірлестігінің мүшесі Ғалия Мансурқызы.

Сөз кезегінде зейнеткер Хасан Боранбаев: «Дәстүрлі мерекенің тарихы алыста жатыр. Десе де, 1927 жылдан бастап, сол кездегі Кеңес өкіметі тарапынан атаулы мерекеге шектеу қойылғаны анық. Ал Қазақстан тәуелсіздік алғаннан кейін ғана халық өзінің қастерлі мейрамын қайта тапты. Бұл қазақ халқының ешкімді аламайтын достық көңілі мен кенпейілділігінің нәтижесі», — деді.

Шараға жиналғандардың қатары көп болды. Тек татар ұлтының өкілдері ғана емес, басқа ұлт өкілдері де қатысып, ән мен күйден шашу шашты. Татар-башқұрт этномәдени орталығының жанынан ашылған «Туған тіл» халықтық ән-би ансамблі дайындаған концерттік бағдарлама мерекенің салтанатын асыра түсті. Түрлі ұлттық ойындар ойналып, жұрт мәре-сәре болды.

Іс-шара аясында спорттық ойындар да ұйымдастырылды. Солардың бірі — қой көтеру. Женін түріп, мықтымын деген 20-дан аса білекті жігіт бак сынасты. Сонымен бірге, арқан тартыс, армрестлинг сияқты түрлі спорт жарыстары өткізілді. Кішкентай балаларға арналған ойындар да жиналғандарды қатты қызықтырды. Қатысушылардың бәріне бірдей сыйлық үлестірілді. Білектілер ішіндегі жеңімпаз сабантойдың дәстүрі бойынша бір қошқарды аркалап қайтты.

Мерекеле Татарстаннан, Шығыс Қазақстан, Түркістан, Жамбыл, Қызылорда, Алматы облысынан және Шымкент, Алматы қаласынан келген өнер шеберлерінің концерт жұртшылық жүрегіне жол тартты. Татарстан халық әртісі Фердинанд Фатхи және мәдениет қайраткері Кенжекей Ажжолова, «Мәдениет саласының үздігі» Бақытгүл Әбенованың өнері көпшілікті сүйсінтті.

Қажет АНДАС,
Алматы облысы бойынша меншікті тілші

Бәрекелді!

(Басы 1-бетте)

Негізінде Петрге у-шуы көп кала емес, мандай тері сінген жер қымбат. Иен далада жалғыз-жарым қалса да, қорықпайтыны анық. Қайта ел аман, жұрт тынышта кіндік қаны тамған жерді тастап, аласүргін көшіп кеткендерден сескенеді. Алдына койған максаты жок адамның күйі де күйінішке толы болары анық. Осыны ойлағанда көршілерінің қайда тұрақтағанына, қалай өмір сүріп жатқанына қараптан қарап отырып бас қатырады. Солардың жағдайын уайымдап, өткен-кеткеннен сұрау салып қояды. Қоныс аударған көршілерінің қайда табан тірегенін, не шаруамен айналысып жүргенін білуге құмар-ақ. Мұның барлығы қазақтың ағайыншылдығын көп көргендіктен болар. «Айыратын жаман бар, қосатын жаран бар» демекші, «қосатын жарандардың» қатарынан көрінетін неміс жігітіне салсаңыз, барша жерлесін туған жерінен айырғысы жоқ. «Бақыттың бәрі Байталда» деп түсінетін Петр туған үйінің түтінін сөндірмеуге барын салып жүр.

«Ауылдық жерлердің өлеуметтік ортасын жаңғыртуға да кірісуіміз қажет. Осыған байланысты арнайы «Ауыл – ел бесігі» атты жобаны жүзеге асыру қажет. Бұл арқылы қазақстандықтардың жергілікті жердегі еңбегіне қатысты идеологияны қолға алуымыз керек. Бұл өкімшіліктердің міндеті»



(Елбасының Қазақстан халқына Жолдауынан)

НЕМІС БАЛАСЫ АУЫЛДЫ ҚИМАЙДЫ



Ол кала кезіп кеткен кейбір замандастарына налиды. Не мамандығы, не дипломы жоқ жастардың әр жерде жалданып немесе күзетші болып 40-50 мың тенгеге қалай күн көретіндігіне ақылы жетпейді. Әрине, ауыл баяғыдай емес. Бірақ жолын тапса, бұрынғы салтанатты қайта қалпына келтіруге болады. Мал дегеніңіз — максатына жеткізетін байлықтың бірі де бірегейі. Қомақты қаражат та сол. Баспанан болса, бәрі табылады ғой. Ал ауылда бос тұрған үйлер жеткілікті. Қарабөгет ауылдық округіне қарасты Байтал ауылы туралы Петр бізге былай делі: — **Ауылды ұстап тұрған мал дейсің ғой...** — *Әрине, мал болса тұрасың. Мал болмаса тұрмайсың ғой ауылда.* — **Шөп жинайтын техникаңыз бар ма?** — Жок, шөп жинайтын жок. Бәрін сатып аламыз. Көрші ауылда кісілер шөп шабады, жинайды. Әкеп түсіріп береді. Ақшаң болса бәрін сатып аласың. — **Қалаға кету ойында жок па?** — *Қайда кетесің? Өзіміздің туып-өскен жеріміз ғой. Өзіміз есейген сайын, ауылда адам көбейген сайын қуанамыз. Ауылдан бәрі кетіп жатқаны рас. Бірақ бізге осы жер жайлы. Сол үшін қалдық.* — **Өкінбейсіз бе?** — *Өкінбеймін. Туып-өскен жеріміз ғой. Күн көрісіміз — мал. Бұйырғаны болар деп тұрып жатырмыз. 13 сиырмы бар. Соның сүті мен қаймағын, ірімшік пен құртын сатамыз.* — **Ауыл саған қатты ұнап қалыпты ғой...** — *Иә, ауыл деген — алтын бесік. Бізде мемлекет елді мекендерді дамытуға ерекше назар аударып келеді. Жұрттың тұрмысын түзетуге күш салып, қаладағыдай жайлы жағдай қалыптастыруға қыруар қаражат бөлінуде.*

Мәден МҰСАЕВ, Мойынқұм ауданының әкімі:



«Қазір өңірде мал шаруашылығынан өзге егіншілікті дамытуға ден қойылған. Әсіресе, мал азығын өзірлейтін диқандарға қолдау ерекше. Түпкі мақсат — ауылдағы ағайынды жұмыспен қамту. Ауыл шаруашылығын, оның ішінде жерді игеру мәселесі де қолға алынуда. Мал қайтадан орнына келіп жатыр. Кіндік қаны тамған жерден кімнің кеткісі көлсін? Ата-аналар сүтті, етті көбейтейік деп қалдада жүрген балаларын қайта шақырып жатыр».

Қысқасы, неміс жігіті ат басындай алтын берсеніз де, ауылдан көшпеуге бел буған. Мұны өз отбасы мен көршілері де қолдап отыр. Айтпақшы, үй шаруасының ретін келтіріп, бөрінің табын тапқан Петрдің жарын айтсанңызшы! Есімі — Анна. Қазақ келінінен бір кем емес. Тіпті жеме-жемге келгенде қайсыбіреуінен асып түсуі де мүмкін. Жан ауып, сиыр саууды осында үйренген. Көршілерінің де көңілін тауып жүрген келіншектің кергігенін көрген пенде жок. Қайта кішіпейілділігі жұртты сүйсінтіп келеді. Шуда дүниеге келіп, көрші ауданнан, бірақ шыққан қызға ауыл тұрмысы қатты ұнайды. Танертең таза ауамен тыныстап, мал жайғап, азанғы асқа отырудың жөні бөлек. Дастархан жиылысымен үйдің шаруасы басталады. Көз ілінгенше солай. Алғашында бәрі де қиын соққанымен, екі жылда жергілікті тұрғындар секілді қалыпты өмірге үйренді. Шапқылаудан шаршамайтын келін ауылдағылардың алғысын алып жүр.

Әнгіме арасында Петр: «Қандай қиындық болса да, ешқайда кетпеген біздің отбасымыз. Бүкіл өміріміз Байтал ауылымен байланысты. Анамыз Гүлмира осында бойжеткен. Бүгінде әже атанған ардақты кісі. Әкеміздің ұлты — неміс. Былтыр ғана дүниеден өтті. Анамыздың 4 баласы мен 5 немересі көз алдында», — деп, күндердің-күнінде ауылға да қан жүгіретіндігіне көміл сенеді. Қалаға қашқан жастардың да бір бөлігі туған жеріне табан тірейтіндігіне көзі жетеді. Өйткені, ауылдар өркендеуге бет алып келеді.

Әнгімемізге тиек болған азамат Гүлмираның екінші ұлы Петр Шенбергер — қарашанырақ иесі. Бүгінгі жастарға неміс жігіті Петр Шенбертерді үлгі еткін-ақ келеді.

Әсем КАБЫЛБЕК,
Мойынқұм ауданы, Жамбыл облысы

Ұлан-байтақ жерінің кеңдігімен ғана емес, табиғатының алуан түрлілігімен де таң қалдыратын қазақ даласы сирек кездесетін жабайы аң-құстарға аса бай. Сол сиректердің бірі – киіктер. Бұл жануарды қазақ ақбөкен деп те атайды. Оған әйгілі ақын Сәкен Сейфуллиннің «Киікті қазақ және дейді бөкен, Бетпақты байғұс бөкен қылған мекен», – деп жырлағаны дәлел.

(Соңы. Басы алдыңғы санда)

Киіктердің зымыран ұшырылымының әсері тиетін аймақтардан қашықта қырылғанын алға тартқан академик Мейірбек Молдабеков: «Киіктердің қырылуына экологиялық ғарыш айлағының қатысы бар шығар. Бірақ киік зымыран ұшыру әсер ететін аймақтардан қашықта мерт болып жатыр. Зымыран әсер ететін аймақ Қарағанды облысы, ал киіктердің жаппай қырылуы байқалған жер — Қостанай, Ақмола және Ақтөбе облысы. Сондықтан, біз олардың

Бұл жайт қарапайым халықпен бірге зиялы қауым өкілдерінің де ашу-ызасын тудырды. Мисалы, сол кездегі Сенат депутаты Нұрлан Оразалин: «Бұған гептилдің қатысы жок деп айту қиын. Біздіңше, киіктердің жаппай қырылуына

болған аналық киіктердің арасынан өлген текелері байқала бермеуі де мүмкін ғой дейсін.

Белгілі ветеринар ғалым Әбілқасым Жақыпбаев киіктердің қырылуына геморрагиялық септицемия



аспаннан құлаған тажалдың да қатысы бар» десе, Мәжіліс депутаты, жазушы Алдан Смайыл біріккен Парламент отырысында киік-қырғынның «Байқоныр» ғарыш айлағының қызметімен, нақтылағанда «Протон» зымыранымен тікелей байланысы бар екенін ашына айтты. Ол: «Біз Байқонырдан ұшырылатын «Протонның» бағытын жақсы білеміз. Тұяқты аңдар Төретам, Қоскөл, Арқалық, Қарағанды, Ақмола облысының жері арқылы, Алтай және одан әрі қарай кетеді, тап сол бағытпен көктемде қалың киік жөнкіледі. Олар осы жолдың бастауында уланып, Арқаға жеткенде өлуі әбден мүмкін», — делі.

Жалпы, гептилдің қауіптілігін бір-екі ауыз сөзбен жеткізсек, гептил кез келген удан 10 есе қауіпті. Егер ол ішкі ағзаға түссе, ұзақ уақыт сырт көзге байқалмай бірте-бірте асқынады. Құлды қойынға жасырынып, асықпай іске қосылатын копарылғыш сияқты. Бұл

у біздің



арасында тікелей байланыс бар деп айта алмаймыз. Дегенмен, бұл мәселені зерттейтін боламыз», — деген еді.

Дәл осындай мәндегі пікірді Франкфурт (*Германия*) Зоология қоғамының өкілі Штефан Цутар да білдірді. «Өйткені, киіктердің қырылған жері әрқелкі. Олар бір ғана аймақта топ-топ болып өлмеген. Зымыран ұшып өтпейтін жерде де өліп жатқанын көріп отырмыз. Біздің болжауымызша, олар белгісіз жұқпалы аурудан ажал құшып жатыр», — делі ол. Бірақ бұл бірқатары қорытынды қоғамды сендірмеді. Мисалы, киіктердің қырылу себебін зерттеумен айналысып жүрген қоғам белсендісі Максат Илиясұлының бұған айтатын өз уәжі бар болып шықты. Ол өлеуметтік желідегі парақшасына: «2015 жылдың 16 мамырында Байқонырдан ұшырылған «Протон-М» зымыраны жерден көтерілгеннен кейін, арадан 500 секунд өткенде апатқа ұшырады. Ал киіктердің алғашқы өлекесі зымыран құлаған күннің ертеніне табылды. Ауыл шаруашылығы министрлігі «Ырғыз — Торғай» табиғи резерватында бір тәулік ішінде 4 киіктің өлекесі табылғанын растап, ресми мәлімет таратты. Әрине, мұның бәрін кездейсоқ деп айта алмаймыз», — деп жазды.

Бұл деректі сол замат Ресей ҒА Экология және эволюция мәселелері институтының аға ғылыми қызметкері, профессор Евгений Ротшильд те растады.

жерімзді жарты ғасырдан бері ластап келеді.

Оның қатысы жок деп үзілді-кесілді айта алмайтынымыз сондықтан. Ескерте кетер нәрсе, гептил жанармайын өндіріске қолдануға көптеген елде қатаң тыйым салынған. Ал біздің шенділер ақбөкендердің жаппай ажал құшуына зымыранның түк қатысы жоқ деп сендірмек болады. Өйткені, оның ұшу бағытына сәйкес келмейді-міс. Құдай-ау, «Протон» ұшатын аумақтың бәрі бір-бірімен жалғасып, сабақтасып жатқан бір географиялық — циклдық ортаға кіретіні дипломы бар маман түгілі, мектеп партасында отырған балаға дейін белгілі емес пе. Сонда шенділер кімді алдағысы келеді?..

Киіктердің тек аналығы мен лактарының қырылуы ойландырмай тұрмайды. Мұның себебі неде? Біреулер бұл құбылысты аналық киіктің қыстан әлсіреп шыңуымен, төлдеуден кейін пайда болатын әлсіздікпен, оған улы шөптің тез әрі күйіс қайығанда кері әсер ету факторымен байланыстырады. Оның себебін киіктер жаппай төлдер алдында текелері топ-топ болып бөлініп шығып, солтүстік жаққа ауып кетуінен іздестіретіндер де бар. Осылайша, олар зымыран ұшырылымының кеністігіне тап келмей, аман қалады-мыс. Оның үстіне, орта есеппен жүз ұрғашыға бір текеден келетін факторды еске алсақ, ұшы-қиыры жоқ ұлан далада мерт

себеп болуы мүмкін екенін айтады. Яғни түз тағыларының жаппай қырылуына себеп болған инфекцияны кене таратқан. Ғалымның уәжіне сенсек, біздің жерімізде кененің 100 түрі өмір сүреді. «Өйткені, киіктер өлімінің белгілері бірдей болып отыр, — делі ол өз сөзінде. — Алдымен мал мазасызданады, көзі алайып енгігеді, аузынан сілекей ағады, титықтайды, аяқтары сіреседі де жүруге жарамай қалады. Сосын мойын еті тартылып, 3-5 күн ішінде өледі. Ал көл жағасындағы құрғақ шөп, қамыс басқа да желекті паналайтын қоныз бар. Қазақ оны алағүлік дейді. Алағүлік — өте улы қоныз. Үлкендігі 1-2 сантиметр ғана. Оның өзі, қаны, нәжісі, жұмыртқасы бәрі улы. Киіктерді қырған сол қоныз болуы мүмкін.

Қысқасы, қазақ сахарасында дембе-дем қайталанып тұратын алапат заулдың неден келгені, оның себебі мен салдары үкіметтік деңгейде зерттеліп, тексерілді. Бірақ киіктердің жаппай қырылуының себебін таба алмады. Былайша айтқанда, ұсынылған болжам көп, нақты нәтиже жок.

Осылайша, 2015 жылы небәрі екі аптаның ішінде қазақ даласының символы саналатын ақбөкендердің 50 пайызы қырылып қалды. Бұл экологиялық апат халықаралық қауымдастықты да алаңдатты. Көп ұзамай жағдайды жан-жақты бақылауда ұстап, жіті қадағалап отырған халықаралық ұйымдар, мәселені зерттей келіп, киіктің бұл ерекше түріне жер бетінен мүлде жойылып кету қаупі төніп тұр деп мәлімдеме таратты. Америкада таралымы көп «Вашингтон пост» газеті бірнеше күннің ішінде жүздеген мың түз тағыларының қырылып қалуын «Қазақстанның экологиялық жұмбағына» тенеді. «Бұл апатты жағдай халықаралық қауымдастықты қатты шошытып отыр» деп алаңдаушылық білдірген.

Халықаралық ұйымдардың қазақ даласында орын алған экологиялық апатты назардан тыс қалдырмай бақылауда ұстап, дабыл қағуының өзіндік себебі бар. Осы орайда біз үшін мынадай маңызды сауал туындайды. Бұл экологиялық апаттың жұмбағын шешу кімнің құзырында? Бұған қал мекеме жауапты? Міне, осы жайт түбегейлі шешілмегендіктен, 130 мыннан астам киіктің белгісіз індеттен қырылуы мәселеге жауапты орындарды да әрі-сәрі күйге түсіріп отыр.

Оқиға орын алған соң-ақ ауыл шаруашылығы министрлігі «киіктердің жаппай қырылу себебін анықтау біздің министрліктің жұмысы емес, ол энергетика министрлігіне, Экология және қоршаған ортаны қорғау басқармасына жүктелген. Ал оны ғылыми түрде зерттеп, сараптап, бағасын беретін білім және ғылым министрлігінің құзырындағы шаруа», — деп мәлімдеді. Осыдан кейін-ақ қырылған киіктердің мәселесі осы екі құзырлы орын — ауыл шаруашылығы мен білім және ғылым министрліктері арасындағы дауға ұласып жүре берді. Биологиялық қауіпсіздік мәселелер

апатқа төрт жыл өтсе де, олардың неден қырылғаны әлі күнге анықталған жок.

Ауыл шаруашылығының инспекторлары егер бұл жағдайға байланысты жауапкершілікті ғалымдар өз мойнына алып, тиісті ұсыныстарын тездетіп айтпаса, ақбөкендердің ажал құшуы бұдан кейін де жалғасуы әбден мүмкін деп ескертті. «Киіктердің жаппай қырылу себебін анықтаумен айналысатын білім және ғылым министрлігінің ғылыми-зерттеу институттарынан бүгінгі күнге дейін ешбір жауап алған жоқпыз. Көктемгі зерттеу жұмыстары мен киіктердің миграциялық жолымен жүріп өткен экспедиция мүшелері де ешқандай ұсыныс берген жок. Сондықтан біз жаппай киік-қырғын қайталанбайды деп кепілдік бере алмаймыз. Білім және білім министрлігі пастереллездің таралуына не себеп болғанын анықтап, ұсыныстар бермесе, киік-қырғынның жаппай қайталану қаупі сөйлемейді. Ол қайталанған жағдайда киіктерді мүлдем жоғалтып алуымыз мүмкін», — делі АШМ комитет төрағасының орынбасары Нариман Жүсіпов.

Ең қызығы, Аэроғарыш комитетіне қарасты «Ғарыш — экология» ғылым-зерттеу институты еліміз бойынша шашылған гептил уының қоршаған ортаға әсерін зерттеу жөнінде тіркеуден өткен жалғыз ғылыми мекеме екеніне қарамастан, орталық киіктердің қырылуына гептил уы әсер етті ме, жок па деген бағытта ешқандай жұмыс жасамағандығы да ойландырмай тұрмайды. Оны кезінде мекеме директорының орынбасары Алма Бимағанбетова мойындаған болатын.

Біздіңше, халықаралық ұйымдардың киіктің осы түріне «жойылып кету қаупі төніп тұр» деп дабыл қағып, мәлімдеме жасауына бірден-бір себеп, қазақстандық тараптың жайбарақаттығы мен жаны ашымастығы, сөзбұйда әрекеттері әсер етіп отыр деп ойлаймыз.

Кезінде білім және ғылым министрлігінің бұрынғы басшысы Асқан Сәріңжіпов бұл жоқапарты табиғи заңдылық деп бағалап, айды аспаннан бір-ақ шығарды. Ол: «Енді жаппай қырылудың алдын алу үшін ауыл шаруашылығы министрлігімен байланысып, арнайы шаралар бағдарламасын жасайтын боламыз. Сексенінші жылдардан бастап киіктер қырғыны әрбір 4-5 жыл сайын қайталанып тұрған. Кей жылдары арам қатқан жануарлар саны 250 мыңға дейін жеткен. Сондықтан мұнда табиғи заңдылық бар деп ойлау керек», — деген еді.

Қысқасы, дала кербездерінің жаппай қырылу себебі жұмбақ күйінде қалды. Тіпті мұндай жағдай қайталанбас үшін қауіпсіздік шаралары да қолға алынбаған көрінеді. Сонымен дала еркесі атанған ақбөкендер неге қайталаа береді? Оның себебі неде? Жұқпалы аурудың салдары ма, әлде басқа себебі бар ма? Індеттің қайталанбасына кім кепілдік бере алады?

Болат ШАРАХЫМБАЙ,
ақын

БҮГІНГІ САТИРА

Әйелім екеуіміз шәй ішіп отырғанбыз. Есіктің қоңырауы кыңқылдап қоймаған соң:
— Таң атпай, тары сұрап келгендей басты ғой қоңырауды, бар, аш, — дедім әйеліме. Әйелім тәпшікесін сүйретіп барып, есік

Әйеліміз екеуіміз шәй ішіп отырғанбыз. Есіктің қоңырауы кыңқылдап қоймады. Есікті еніретіп ашсам, екі кісі күлімсіреп тұр.
— Жылбике Туғышбаева осында тұрады ма?
— Иә.
— Біз облыстық әкімшіліктен едік.
— Үйге кіріп, нан ауыз тиіңіздер.



ашып еді, еңгезердей жас жігіттер кірді.
— Осы үйде тұрасыздар ма?
— Тұрамыз, — дедім мен.
— Балаларыңыз көп, шапалақпен ұрасыздар ма?
— Ұрамыз, — деді әйелім.
— Е, неге?
— Кішкентайым бұтына жіберіп қойса...
— Қала әкімшілігі көпбалалы ана ретінде сізді құрметтеп, он бес памперс беріп жіберді.
— Дун до-доодо-доооон, пышу, пышу, пах-пах! — деп қалды екіншісі.
— Бұл не? — деп сұрадым мен аузым ашылып.
— Құрметтеу музыкасын ауызбен салып жатқаным ғой, — деп галстугын түзеді ол.
— Рахмет, памперстен гөрі пәтер берсе жарар еді, әйелім жеті баланы анасы, жоқ болып тұр пәтер деген панасы, — деп мінгірледім. Пәтер жалдап жүргенімізге жеті жылдан асқанына күйініп кетіп. Анау Түлкібас ауданындағы мектепті 1999 жылы бітірген 11-ші класс түлектері секілді де болмады ғой, әкім мырза. Күні кеше көпбалалы анаға аудан орталығынан 4 бөлмелі үй сатып әперді емес пе? Алла разы болғырлар!

— Қуырдақ болмаса, нанға қарамаймыз. Уақыт жоқ.
— Жәйша келдіңіздер ме?
— Көпбалалы ананы құрметтеп, облыс әкімі өз атынан 30 памперс беріп жіберіп еді.
Рахметімізді айтып, памперстерді аударып, төңкеріп отырғанымызда, тағы да үш қызметкер жетіп келіпті. Қолдарында түйіншек.
— Памперс пе? — деппін мен.
— Иә. Оны қайдан білесіз? — деп сұрады әйел қызметкер.
— Жүрегім сезді.
— Көп балалы еркек ретінде сізді құрметтеп, балаларыңызға 50 памперс сыйлауды жөн көрдік.
О, жаратқан ием, біздің басшылар шеттерінен неткен адал әрі ақ көңіл адамдар еді? Памперске қарық болдық. Әйелім базарға апарып, он теңге төмен бағамен сатып келмек. Құдай қаласа, ендігі жылы сегізінші баламызды әкелеміз мына жарық дүниеге! Екеуіміз шәй ішіп отырғанбыз. Бірдене министрлігінен екен. «Немене пәле, жыл сайын туа бересіз?» деп ұрысып кетті. Тіпті, шеке бастары тырысып кетті. Бір коробка не берді ғой, құрметтеп... Памперс. Сатамыз бәрін! Жаным, Жылбике аман болса, әлі талай памперс аламыз!

Мұхтар ШЕРІМ

ҰНЫТ БӨАҒАН ҰАТТЫҚ АС



Үлпершек

Ірі қара малдың жүрегінен жасалады. Екі жағындағы құлақшаны кесіп алып, қаны әбден сорғыған жүректің жіңішкелеу жағын тіліп, ішіне сол малдың қара кесек еті мен майы ұсақтап туралып салынады. Оған өз қалауыңызға қарай дәмдеуіштер саласыз. Содан соң тілінген жағы мұқият тігіледі. Қазанға салып үстіне су құйып, тұз қосып қайнатады.


Үлпершекті ұзатылған қыздың сыбағалы асы деп айтуға да болады. Ерте кезде қызын алысқа ұзатып, артта қалған ата-ана осы жүрекке оралған тамақ арқылы «Сен әке-шешеннің жүрегіндесін! Біз сені сағынып жүрміз!» дегенді де білдірген екен.

Көмеш

Қарынға салып пісірілетін тағам. Тазартылған қарынның ішіне аса толтырмай марқаның, бағланның, ту қой мен серкенің етін және картоп, сәбіз сияқты түрлі көкөністерді қосып салады. Ерте кезде қарынның сыртын балшықпен сылап, отқа көміп дайындаған. Қазіргі кезде көмешті электр пештерде пісіруге болады. Ішіне шикі тамақ толтырылған қарынның аузын бекітіп, тесік тесіліп түтікше орнатылады. Көмеш әдетте екі сағаттың ішінде дайын болады.



САЛАУАТТЫ ӨМІР



Алматы салауатты өмір салтын ұстанатын азаматтардың тұрақты мекеніне айналып келеді. Соның бірі – Орталық Азия бойынша «Скандинавиялық жүрістен» өткен Almaty Nordic Walking Fest – 2019 фестивалінің ұйымдастырылуы.

Олимпиада ойындарының күміс жүлдегері Елена Хрусталеваның қоры мен Алматы қаласының әкімдігі ұйымдастырған шара ұмытылмайтай әсер қалдырды. Жарысқа Ресей, Қырғызстан,

категория бойынша дипломдар мен бағалы сыйлықтарға ие болды. Елена Хрусталеваның айтуынша, скандинавиялық жүріс елімізде жаңадан дамып келе жатыр. Ол: «Аталған шара жыл сайын

Жүргенге жөргем ілінеді

Украина, Өзбекстан және еліміздің барлық аймағынан келген 200-ге тарта спортшы қатысты. Олар 2, 4 және 10 шақырым қашықтық бойынша скандинавиялық жүрістен бак сынады. Сонымен қатар 4 адамнан тұратын корпоративтік командалар да жарысты. Нәтижесінде «Скандинавиялық жүріс» техникасын толық сақтаған, әрі жылдам келген белсенді спортшылар түрлі



ұйымдастырылып, Алматы қаласында өтетін негізгі шараның біріне айналады. Одан әрі ауқымын кеңейтіп Астана, Шымкент, сонымен қатар көрші Қырғызстан, Өзбекстанда да ұйымдастыру ойда бар», — деді.
Almaty Nordic Walking Fest — 2019 спортшылармен қатар, «Атакент» көрме кешеніне келгендердің бәріне ерекше әсер қалдырды. Көрермендер Zumba биіне қатысып, Kangoo Jumps биімен аяқтады.

Макпал НОҒАЙБАЕВА



ҚИСЫҚ МӘТІН ТІЛ БҰЗАР!



Қолаң қара шашың-
ай күн қақтаған,
Қос бұрымың
жотанда
бұлақтаған.
Қарғам, сенде
жерімнің иісі бар,
Жердің иісі
жұпардан
қымбат маған.

Мұқағали Мақатаев

Баянәлгейлік (Моңғолия) қолаң шашты ару — Айгүл Өнерханқызы (оң жақтағы)



Бас редактор — директор

Срайыл СМАЙЫЛ

Редакция алқасы:

Жолдасбек ДУАНАБАЙ Бас редактордың орынбасары

Жарас КЕМЕЛЖАН жауапты хатшы

Ғалия ҚАЛИЕВА компьютер орталығының жетекшісі

Тілшілер мен қызметкерлер:

Макпал НОҒАЙБАЕВА — арнаулы тілші

Әбдіманап КЕНЕС — жасар және ғылым

Кәмшат ТӨЛЕШОВА — теріміш

Айдос ҚУСАЙЫНҰЛЫ — web-sait

Аймақтағы меншікті тілшілер:

Байкен КӨБЕЕВ— Ақмола және Солтүстік Қазақстан облыстары (8 778 910 45 34)

Қажет АНДАС — Алматы облысы (8 747 706 13 82)

Баян ЖАНҰЗАКОВА — Атырау облысы (8 702 426 69 05)

Ерман ӘБДИЕВ — Жамбыл облысы (8 705 256 50 05)

Айхан БАШТАШ — Осло, Норвегия mahmutba@online.no

Ұлдай САРИЕВА — Батыс Қазақстан облысы (8 705 150 48 30)

Кезекші редактор
Макпал НОҒАЙБАЕВА

Шығарушы:

«Аманат Медиа» ЖШС

Директордың

орынбасары

Мейрамбек

ҚҰЛМҰХАМЕДОВ

Бас есепші

Расима

ӘКІМБЕКОВА

Редакцияның мекенжайы:

050012, Алматы қаласы, Мәуленов, 85 үй, №61 кеңсе, 3-кабат
(Бөгенбай батыр көшесінің қиылысы)
Телефондар: 8(727) 272-43-39; 272-43-25
Бухгалтерия: тел.факс: 8(727) 272-46-22 (жарнама бөлімі)

Газет «Дәуір» ЖШС РПИК
(Алматы қаласы, Қалдаяқов көшесі, 17-үй)
тел: (727) 273-12-04, 273-12-54
Тапсырыс — №2168;
Бағасы келісім бойынша

Апталық таралымы — 8 000 дана

Газет Қазақстанның барлық аймақтарында таралады, сондай-ақ «Air Astana», «Turkish Airlines», «QazaqAir» әуежолдарының ұшақтарында бар.

Газет 2004 жылы 14 желтоқсанда тіркелген.

2018 жылдың 14 ақпанында ҚР Ақпарат және коммуникациялар министрлігі Ақпарат комитетінде қайта есепке тұрып, №16904-Г куәлігін алды.

Мақала авторының пікірі редакция көзқарасын білдірмейді.

Жарнама мәтініне тапсырыс беруші жауапты.

Газетте жарияланған материалдар мен суреттерді сілтемесіз көшіріп басуға болмайды.